

# Жұлдыз

Дүйсенбек ҚАНАТБАЕВ  
ТУҒАН ЖЕР

Георгий ГРЕБЕНЩИКОВ  
БАТЫРБЕКТИҢ ХАНДЫҒЫ

Хасен ҚОЖА-ТҮРК  
ОРЫС ТІЛІ КӨНЕ ТҮРК ТІЛІ МЕ?

3  
2015

## ТҮСІМДЕ КӨРГЕН КІТАП немесе тұғыр туынды

### ИСАБЕКОВ ӘЛЕМІ

...Кездейсоқтық деуге болмас, сірә? Мен мұны оқиғалардың онынан тоғысуы деп ойладым!

«Не айтып отыр, өзі?...» Асықпаныз. Мән-жайды ширатып жеткізейін. Алға қойған мақсатымды ілгері жылжытпақ боп «Таңғы шықты» тағы да қолға алдым. Ретіне қарай Дулат Исабековтің «Шойынқұлағын» қайталап оқып шықпақпын. Жүрекке жақын жас жазушылар жинағын парақтау үстінде Дулат турасындағы деректер дүркін-дүркін естіліп жатты. Елендемеске лажын жоқ.

Газет-журналдарды ашып қалсаң, жазушының жетпіс жылдығына орай жарияланған көлдей-көлдей эссе-портреттер. Еріксіз ынтыға үңілесің...

Теледидарды қосып қалсаң, телеарналар жарысып көрнекті қаламгермен жүздесу кештерін өткізуде. Орталарында – Дулаттың өзі. Еріксіз тамашалай тесілесің-ау...

Радионың тетігін бұраған сәтте де сүйікті суреткер хақындағы жағымды жаңалықты естисің: «Жазушы Дулат Исабековтің шығармалар жинағының жеті томы «Атамұра» баспасынан жарық көрді. Онда «Қарғын» романы бастаған қаламгердің 12 повесі, 34 әңгімесі, 27 пьесасы мен 3 аударма-хикаясы бар...» Еріксіз қызыға құлақ түресің-ай!..

Жарнамалар жар салуда. Даңқты драматургтың пьесалары бойынша «Исабеков әлемі» атты халықаралық театр фестивалі өтеді. Алматы сахналарында алыс-жақын шет елдерден келген театр шеберлері өнер көрсетеді. Еліміз мәдени өміріндегі бұл елеулі оқиғаға қалайша ықылас аудармайсың...

Сонымен қатар, түрлі ток-шоулар мен пікірталас алаңдарынан да бүгінгі ұлттық сөз өнерінің мақтанышына айналған классик ағамызды жазбай танимыз. Ал қазіргі талғамы биік оқырман қауым Дулат Исабеков есімін жалпақ жұртқа жар салып әйгілеген әңгімесінің «Шойынқұлақ» екенін біле бермеуі мүмкін. Уақасы жоқ. Ендігі аз-кем сөзіміздің арнасын осы атышулы шығармаға бұрмақпыз. Назарыңызды бөліп, құлағыңызды салыңыз. Тұғыр туындының тағдырынан хабардар болғаныңыз жөн шығар.

«Шойынқұлақ» – жас жазушылар әңгімелері топтастырылған «Таңғы шық» жинағындағы ең таңдаулы, ең шоқтықты әңгіме. Анау-мынау хикаятқа бергісіз тұщымды дүние. Әу баста қадап ескерткенімдей, өз басым бұл туындымен бұдан жарты ғасыр бұрын тұңғыш рет танысқанмын-ды. Шынын айту керек, жалғыз мен ғана емес-ау, бүкіл ауылдастарым бірінен соң бірі, кезекке тұрып оқыған. Ұлан жаз колхоздың дала қосындағы пішенші-механизаторлары қолдарынан тастамағаны есте. Тіпті, мына қызықты қараңыз. Дулаттың әңгімесіндегі бас кейіпкердің тағдырына ұқсас Бақтыбай тракторшыны құрдастары «Шойынқұлақ» атап кеткен. Жетпістің

*Жалғасы. Басы өткен сандарда.*

жуан ортасына келген оны замандастары «Шөке», «Шойынқұлақ» деп құрметтесе, кішкентайлар жағы «Шойынқұлақ ата» дейтін көрінеді. Өкініштісі сол, бұрнағы жылы көктемгі көкше мұзда ауыл іргесіндегі Балқашқа шынжыр табанды тракторымен батып кетіпті. Оқыстан набыт болған марқұмның жаназасында кейінгі жас молданың бірі «айтпақшы Шойынқұлақ атаның азан шақырып қойған есімі кім?» деп сұрапты-мыс... Өмір-ай!..

Әңгімеміз жартыкеш қалмасын. Мен білетін тағы бір Шойынқұлақ бар. Қостанай облысының Жітіқара өңірінде тұрса керек. Бұдан елу жыл бұрын студент кезімізде астықты аймаққа ауылшаруашылық жұмысына барғанда танысқанбыз. Мінез-құлқы мен сыртқы пошымы, іс-әрекеті мен қылықтары Дулаттың әңгімесіндегі Алданыштан аумайды. «Мынауың сойып қаптап қойған Шойынқұлақтың дәл өзі ғой» деген курстасымыз Жеңістің сөзін өзгелеріміз де мақұлдағанбыз. Екі жыл қатарынан үшінші семестрде тың төсінде кездесіп жүрдік. Жоғары класты механизатор. Әуелгі жылдары шынжыр табан трактор жүргізіпті. Кейінгі кездері екі-үш тіркемелі КамАЗ машинасымен Жітіқара элеваторына бидай тасиды екен. Ұмытпасам аты-жөні – Тұрман Борисов. Ең алғаш рет орталық қырман басында жолықтырдық. Мұрынға су жетпейтін қауырт шақта ұзақ сөйлесіп, шешіліп сырласа алмаймыз. Біздің филфактың қыз-жігіттеріне үйірсоқ. Астық керуендері кезек күтіп тұрып қалғанда, әйтпесе кара күздің суық жаңбыры тоқтамай себезгілеген сәттері тыпырлап қасымыздан шықпайды. Иманжүзді, ұдайы күлімсіреп жүреді. Айыбы да, міні де – қазақшаға шорқақ. Тілін бұрап, екі-үш сөздің басын зорға құрайды. Қатты қысылады, бірақ бұл кемшілігін қыз-жігіттер елемеуге тырысады көбіне. Әлгіндегідей амалсыз үзілістерде, машинасын қаңтарып қойып, жал-жал бидай тауларының арасындағы шатырларда шахмат-дойбы, иә болмаса домино ойнап уақыт өткіземіз. Бұлттан-бұлтқа тығылған күннің қабағын аңдимыз. Оны-мұныны тілге тиек етеміз дегендей. Осындай бір қысыр әңгіме үстінде Тұрман өзі туралы өте қысқа ғана баяндаған...

Ол балалар үйінде өсіпті. Әке-шешесін білмейді екен. Жөргектегі тастандыны Борис деген орыс жігіті әкеп тапсырыпты. Бұдан басқа ештеңеден хабары да, дерегі де жоқ. «Тағдыр шығар. Ата-анам кімдер? Бар ма, жоқ па? Борис кім болды екен? Сұрастырып көрдім. Жан баласы білмейді. Мектепті де, профтехучилищені де Тобылда бітірдім. Туған-туысқаным да жоқ. Детдомдағы достарым да жан-жаққа шашырап кетті. Әркім өз тірлігінің соңында. Біразы үйленді, балалары бар. Менің де үй-жай болғым келеді. Әзірге дұрыстау қыз кездеспей жүр. Қазақ бикештері «орыссың» деп менсінбейді. Не істеймін? Көрерміз мындайға жазғанды. Мүмкін, бағыма қарай біреу-міреу жолығып қалар?.. Мына қырман басындағы кезекші диспетчер қызды ұнатып жүрмін. Қалай сөйлесерімді білмеймін. Бетімді қайтарып тастай ма деп қорқақтаймын...»

Мінеки, мен білетін Шойынқұлақтар. Сөз жоқ, өзге өңірлерде де ұшырасуы мүмкін ғой. Өйткені, Дулаттың әңгімесі кітапқа шықпастан бұрын-ақ ел арасына кеңінен таралып кеткен еді. Сол кездегі республикадағы таралымы ең көп басылым «Лениншіл жас» қатарынан үш нөміріне жариялағаны есте. Қалың жұрт қолдан-қолға түсірмей оқыған.

Өмірдің өзінен ойып алған оқиғалы шығарма көпшілік көңілінен шыққаны мәлім. Алдыңғы буын қалам қайраткерлері де «әдебиетіміздің аспанынан жана жұлдыз жарқырап көрінді» деп қуана сүйінші сұрады. 1966 жылы 18-20 мамырда өткен Қазақстан жазушыларының V съезінде проза жанры бойынша баяндама жасаған сарабал суреткер Тахауи Ахтанов жас таланттардың алғашқы аяқ алысы төңірегінде тебірене тоқталып, Дулат Исабековтің соны ізденісіне жоғары баға береді. Талантты жазушының тұңғыш кітабы «Бекетті» айрықша мақтайды. Осынау ізашар жинаққа автордың бір хикаяты мен «Шойынқұлақ» бастаған төрт әңгімесі енген-ді.

Оқырман жүрегіне ұялаған әңгімені тағы бір мәрте зерделей оқып шықтық. Бұ

жолы әсерімізді ақ қағазға түсірдік. Кәне, бірге жанар жүгіртейікші.

Исабеков әңгімесінің композициялық құрылымы бекем өрілгендіктен, оқиғалар шашыранқы емес, динамикалық әуенде өрбиді. Әңгімеге бас қойған бетте ойында бір ғана сауал тұрады. «Шойынқұлақ деген кім, өзі?..» Бірақ, біразға дейін іздеген кейіпкерінді жолықтыра алмай, ілгері ынтыға оқи түсесің. Автордың да алға қойған негізгі нысанасы осы. Оқушыны қызықтыру! Жас жазушылар жинағындағы әңгімелердің көбіне ортақ жай — шығармаларын бас геройдың есімімен атау. Бұл үрдіс жас талапкерлерге тән сипат. Әрине, мұны ізгі ізденіс ретінде мақұлдауға болмас. Ал бірден ескертеріміз, Дулат әңгімесінің тақырыбы өзін-өзі ақтап та, даралап та тұр. О жағын шығарманы талдау барысында жан-жақты аша түсерміз. Сонымен, әңгіме көктем көрінісін суреттеген эпизодпен басталады. Жазушы характердің көңіл-күйін, іс-әрекетін ашу үшін табиғат үйлесіміне ден қояды. Құр әшейін сылдыр сөзбен боямай, механизаторлық курсты тәмамдаған он сегіз жасар ұланның шуақты көктемін табиғатпен астастыра бейнелейді. Осы орайда қаламгердің кестелі тіліне ерекше назар аударған жөн. Дулат өте сезімтал суреткер. Ой көзі қырағы, айнала-төңірегіндегі табиғат құбылыстарын байқағыш. Өзіне қажетті көріністерді ғана өз кейіпкерлерінің ішкі әлемімен әдемі үйлестіре қабыстырады. Жалаң жылтырақтан гөрі, ойлы образ сомдауға машық жазушының сөзбен сызған суреттері әрдайым шынайылығымен тартымды. Әңгіменің беташар пейзажын көз алдымызға елестетейікші.

«Аласапыран көктемнің кезі еді. Қыс бойы қар астында тұншыққан жер беті, енді емін-еркін рақаттана тыныс алғандай. Ауыл сыртындағы құба жондар қыстан әбден титықтап шөгіп қалған атан түйедей, бөксесін күннің әлсіз шуағына тойымсыз табындыра түседі. Бұрын ақ қардың үстіне әлдекім қарамай жағып кеткендей алыстан шұбараланып көрінетін қара жол, енді тапталған қамырдай көзге сарғыш шалынады. Жер беті ерекше бір жанданып келе жатыр. Топырақ астында бұғып жатқан тіршілікті күдіретті күн сәулесі қытықтап оятып, бұ дүниеге сүйрелеп шығып жатқан сияқты. Әлдеқалай бір қайратына болайын нәп-нәзік өсімдіктер, тасты да тесіп, осынау өмірге елжірей ентелеп, күн көзіне жапа-тармағай тесірейе қалыпты».

Үш айлық механизаторлар курсың бітірген Сұлтан еңбек жолың тыңдағы жаңа совхоздардың бірінде тракторшы боп бастайды. Жас жігітке жаңа жердің әрбір тал-шөбі де, адамы да, даласы да таныс емес. Алғашқыда совхоз орталығы құдды кішігірім қаладай елестеген, іле-шала бытырап шалынған үйлері қораш көрінген. Бөгде мекеннің даласы да сүренсіздеу сезілгені рас. Әлгінде директор қабылдауында болып, тапсырманы шегелеп алған оны қырдағы механизаторлар қосында да құрақ ұшып қарсы алған ешкім көрінбеді. Тракторшыларға түскі тамақ әзірлеп жүрген аспазшы әйел де бәлендей мән бере қоймаған. Жұмысшылар жатақханасы саналатын көшпелі вагонға бас сұғады. Енді ғана көзін тырнап ашып, мең-зең боп жатқан шомбал қарамен ерегесіп қалады. Әуелде қикар сұрақтарына қиғаш жауап қайтарған екеуі тез-ақ тіл табысады. Жаңа танысы Олжабек: «Імм, дұрыс. Қазір бригадир келеді. Жұмысқа қашан шығатыныңды, кіммен бірге істейтініңді содан білесің. Жоғарғы полқадағы мына орын бос. Әзірге жатасың ба, отырасың ба, қалауың білсін. Жігіттердің бәрі жер жыртып жүр. Мен түнгі кезектен келгем...»

Көп ұзамай бригадир де келеді. «А-а, бізге келетін тракторист сен екенсің ғой», дейді өзара сырласып, әңгімелері жарасып отырған екеуінің үстінен түсіп. «Жақсы, жақсы... Шойынқұлақпен бірге істейсің, оның кезектесі жоқ еді...» Түс ауа бригадир Сұлтанды атына мінгестіріп, сүдігер жыртып жүрген трактордың маңына тақамай, борозданың жиегіне түсіріп кетеді.

«Шойынқұлақ. Өзінің аты да қызық екен...»

6 Миынан шықпай қойған адаммен айдалада бетпе-бет жүздесіп тұр. Жер-дүниені дүрсілдетіп басына көтерген шынжыр табан трактордан секіріп түскен еңгезердей жігіт мұрнын шүйіріп қарсы алады. Төбелесетін кісідей, сонадайда қимылсыз

состиған қалпы жөн-жосық сұрасады. Бейтаныс жігіттің «сіз-бізіне» қыжыртпа жауап қайтарып, жүйкесін өзінше «тексерген».

«Бригадир сені маған жіберсе, бұдан былай «сізінді» қоя тұр. Менімен бірге істейді екенсің, сызылмай-ақ, ендігі жерде құрдас боласың. Өзің тым арықсың ғой, сорайып өсе бергенше жуандасаң қайтеді! Трактор айдауға шамаң келе ме?».

Сұлтан да дойырдың әр сөзіне ызалана жауап қайырып, ығына көнбейді. «Ер шекіспей, бекіспейді» демекші алғашқы текетірес сынынан сүрінбей өткен оған екі иінінен «демалып», жер солқылдатып тұрған тракторын табыстап, ақ жол тілейді. «Мен танертен келемін, ендігі шаруаны өзіңе тапсырдым...»

Трактор тізгінін қолына ұстаған жас маман намысқа тырысып бағады. Өзіне жүктелген жұмысты зор жауапкершілікпен атқарып, міндет биігінен шығуға ұмтылады. Жаңа таныстарының оғаш мінездерін де елемеуге тырысады. Еркін де, бұла өскен сайын дала серкелерінің қылықтарына кешіріммен қарап, қайта керісінше олардың өр мінездерінен көп нәрсені үйренуді ойлаған. Шойынқұлақтың нағыз еркекке тән арсын-күрсін іс-әрекеттерін ұнатқандай. Ол алдында керіліп созылған жаңадан жыртылған жұмсақ борпылдақ топырақтан жанар жазбаған күйі тартып келеді. Ойы әлем-жәлем. Айтпақшы, ол «менің атым кабинада жазулы, тауып аларсың» деді емес пе. Жалма-жан кабинаның ішін тінткілей іздей бастады. Қиналмай тапты да. «Масло» деген көрсеткіштің дәл үстіндегі «Алданыш» деп жантайта жазылған ірі-ірі жазуға көзі түскен. Аң-таң. «Мұның Шойынқұлағы несі, Алданышы несі? Әлде бұл – «Ер Төстік» ертегісіндегі Шойынқұлаққа теңеп, қалжыңбас құрдастарының қосымша танып жүрген аты емес пе екен?! Егер солай болса, өте дәл тауып қойылған. Мінезі де, қылығы да, ең ақыры пошымы да ұқсайды. Кім ойлап тауып жүр десенші...» Екі езуіне күлкі үйірілген Сұлтан алғашқы еңбек күніне құлшына кіріседі.

Автор бас кейіпкердің образын әр қырынан сомдайды. Шойынқұлақ – күрделі бейне. Сондықтан да жазушы сюжет желісін шым-шымдап дамыта отырып, оқиғаны түрлі эпизодтар арқылы шиеленістіре, ширата түседі. Қақтығысты ситуациялар кезінде кейіпкерлер өз деңгейлерінде тұлғаланып, оқшаулана көрінетіні және мәлім. Осынау түйінді шешімді қаламгердің қиялы қалай алып шығады, ол – суреткердің тікелей шеберлік әдіс-тәсіліне байланысты. Мәселенки, жұрт біле бермейтін бас кейіпкер Шойынқұлақтың мына бір қылығы төмендегіше суреттеледі:

«– Сендер Шойынқұлақтың совхозға алғаш келгенде, біздің осы бригадир Тілеуғабылды қалай маскарасын шығарғанын білесіңдер ме?

– Жок, қалай шығарыпты?

– Е, айтшы?

– О, ол бұдан да қызық, – деді әлгі қарлыққан дауыс. Оның сол кезде-ақ әлгінде ғана мені карта ойнауға шақырған адам екенін біле қойдым.

– Ол былай болған, – деді әлгі сөзін жалғап:

– Шойынқұлақтың алғаш рет совхозға келіп, жер айдап жатқан кезі болса керек. Біздің Тілеуғабыл жақсы адам болғанымен мінезі шарт, тілі ащы ғой. Шойынқұлақтың айдап кеткен жерін қамшысының сабымен әрі-бері өлшеп тұрып:

– Әй, мұнда кел. Көрдін бе не істеп қойғаныңды? Қырық сантиметрдің орнына, отыз-ақ алыпсың. Бәрін саған қайта жыртықзамын, – дейді.

– Жок, сіз тек ойлап жерді ғана өлшеп тұрсыз басқа жерінің бәрі қырықтан кем соқпайды, – депті анау. Сонымен не керек, екеуі ерегісіп, біраз жерге барысып қалыпты. Алғашында, момын ғой, Шойынқұлақ үнсіз тұра беріпті. Ал, анау оны басынып:

– Оңбаған, жер жыртуды әлі үйретемін мен саған, – депті.

– Әй, бригадир болмақ түгілі, құдай болсаң да, әлгі сөзінді қайталап айтсаң, айтпады деме, сойып саламын, – дейді Шойекең.

– Сен кімді соясың, мына мені ме? Кімге шамаң келеді, оңбаған Шойынқұлақ!

– деп анау өзеурейді. Онда Шойынқұлақты бәріміз де Алданыш деп шын атымен атайтынбыз. «Оңбаған Шойынқұлақ» деген сөзді алғаш есіткен ол, бригадирге бүркіттей төніп:

– Әй, не дедің? Қайта айтшы! – дейді.

– Несі бар? Оңбаған Шойынқұлақсың! – дейді анау қайталап. Бірақ айтарын айтса да, түрі бұзылып кеткен Шойынқұлақтан сескеніп, атыңа мініп алады. Шойынқұлақ оны жұлып алады да, мыжып-мыжып, ерге теріс қарай отырғызып, шылбырмен әбден шандиды да, қалтасындағы темекіден атының құйрығына құйып, жүгенін сыпырып қоя береді...»

Оқиғаны әңгімелеуші өзі куә болған жайды тәптіштеп түсіндіреді. Тыңдаушылар да қызыға елеңдейді. Асау тай құйғытып біресе анда, біресе мұнда барып, ең соңында өзі жем жеп үйренген бұрынғы иесінің ауласына бас тірейді. Үйді айналып дүрсілдеткен не болды екен деп қожайыны сыртқа шыққанда, өз көзіне өзі сенбейді. Шешуші сәтті жас жазушы әдемі түйіндейді. Оқыс көріністің шынайы да, нанымды бейнеленуі сәтті.

«– Кімсің ей? – дедім. Үн жоқ. – Ей, тілің бар жансың ба, кім керек саған?»

– Ойбай, Мақыш, мына масқарашылық тісіңнен шыға көрмесін, алдымен мені шешші, – деді. Даусы дірілдеп әрең шығады. Қарасам өзіміздің Тілеуғабыл! Бәрін Шойынқұлақ істепті.

Содан бері екеуі сөйлеспейтін көрінеді. Айтпа деп еді, айттым ғой. Жұрттың бәрі ішектері қата, жан-жағына қисая құлап күліп жатыр. Мен де еріксіз күліп қойдым да, бригадирдің кеше «совхоз орталығына асығып бара жатырмын» деп Шойынқұлаққа неге жақын бармағанының себебін түсіне қойдым».

Қызықты хикаяны өз құлағымен естіген Сұлтан да көп сырға қанық болады. Кезектес серіктесін бұрынғыдан бетер тани түседі. Өжет те бірбеткей, дөрекі де елгезек, қатыгез де қамқор, жігерлі де намысшыл, жүрегі қатал да нәзік алғаулы сезімге толы Шойынқұлақтың жан-дүниесін ұққандай күй кешеді. Алғашқы жұмыс күні әбден қалжырап-шаршап, қалғып кетіп тракторды жарға құлата жаздағанда Шойынқұлақ күтпеген мінезімен қайран қалдырғаны бар. Етжүрегі елжіреп «өзің аман болшы» деп ұрыспай, зекімей қамқор қанатына алғанын қалайша ұмытарсың?! Өзін кекетіп, мұқатқысы келгендерге де тиісті сыбағасын бергені дұрыс-ау. Әйтпесе, әркім жаншып, таптап кетпей ме? Мінезі мен ісі кесек кісінің, алып адамның жүрегі әрдайым шуақты болады. Ондайлардың махаббаттары да мүлдем бөлекше-ау...

Сұлтан мен Алданыш бір-біріне бауыр басып, ағалы-інілі күн кешіп жатты. Абайсызда, ерегіс үстінде «Шойынқұлақ» дегені үшін шапалақ жегені де бар. Бірақ, жүректері таза екеуі өткенді ұмытып, сырласады. Ашық әңгіменің қызуымен ауыл дәрігері Нәзираға бірігіп, дүниедегі барлық әдемі сөздерді үйіп-төгіп Шойынқұлақтың атынан хат та жазады. Бір емес-ау, әлденеше рет. Ғашықтық сезіміне өртенген Алданыштың үлкен үмітін су сепкендей өшірген Нәзіраның жалғыз да, соңғы хаты оның тағдырын өзгертіп жібереді. «Менің басқа жігітім бар. Енді көп байланыса беруші болма. Осымен бәрі де бітсін, Шойынқұлақ!». «Жүрек лүпілін түсінеді-ау деген сүйіктісінің түрпідей көрінген лепесі жігіттік намысын қорлағанда есенгірейді. Қосқа оралмай күні-түні тракторынан шықпайды, тамақ та ішпейді. Мандайы тасқа тиген ол өзінше бір тоқтамға тіреледі.

Қаламгер шығарманың шарықтау шегін былайша баяндайды:

«Иә, ол тынышталайын деген екен», – деп мен де біраз жеңілденіп қалғандай бір күрсіндім. Бірнеше сағат өткен соң, Шойынқұлақ отырған орынға тоқтап, тамақтарды жинастыра бастадым. Сол кезде бір қағаз газет арасынан жерге сусып түсе қалды.

«Сұлтан, мүмкін тағы бір жерде кездесіп қалармыз. Мен кеттім, қош бол. Алданыш». Ішімді от жалап өткендей болды. Қос жаққа көз тастап едім, сонау қия бетте солдат шинелінің етегі желбіреп, кетіп бара жатқан Шойынқұлақты көрдім. Даусым оған жетпейтінін білсем де, барынша айғайлап, сүдігерге сүріне-қабына солай

қарай жүгірдім. Бір кезде ол артынан қуып жеткен машинаға отырды да, мені көріп қалып, кепкасын көзден таса болғанша бұлғап бара жатты...»

Әңгімені осылай аяқтаса да болар еді. Алайда, Дулат аға өйтпейді. Түйін эпизодта Алданыш пен Сұлтан күтпеген тұстан кездесіп, сағына қауышады. Жүрегі жарылардай қуанған ол «Шойынқұлақ!» деп оның алпамсадай иығына асыла кетеді. Көңілінде қылаудай сызат жоқ Алданыш:

– Тыңды сағындым, сонан соң, ақымағым, сені сағындым ғой мен, – дейді еркелете шашынан сипап.

Жүрек қылын тербер шынайы штрих. Дулат Исабеков әңгімесінің соңғы бетін қимай-қимай жаптық. Көз алдымызда көлбеңдеген таныс бейнелерге бауыр басып қалғандаймыз. Күнде көріп, күнде араласып жүргендейміз-ау. Жанымызда, қасымызда аралас-құралас боп жатқан оқиғалар. Жазушының құдіреті де, міне осы емес пе?! Алаөкпесі шығып, жасандылыққа ұрынбай, өмірдің өзінен ойып алып қаз-қалпында ұсынып отыр. Әрине, айтуға оңай. Әйтпесе, оған да өрелі шеберлік керек!

«Шойынқұлақты» оқырман да, әдеби орта да жылы қабылдағаны мәлім. Студент кезінде-ақ жазушы атанған Дулаттың баспа бетін көрген тұңғыш әңгімесі – «Жолда» деп аталады. 1963 жылы «Замандастар» («Қазмемкөркем әдебиет» баспасы) жинағында жарияланған. Ал мына «Шойынқұлағы» балауса қаламның аз уақыттың ішінде қалай төселіп қалғанын айқын аңғартты. Оқиға желісі шашаусыз, шымыр өрбиді. Жазушының кестелі көркем тілі образдарды мүсіндеуде жарқырап көрінеді. Исабеков ирониясы ұстараның жүзіндей өткір. Күлдіріп отырып, келемеждеп отырып келеңсіздік атаулыны мақтамен бауыздайды. Бір-біріне ұқсамайтын характерлердің ішкі психологиясын автор мейлінше нанымды суреттейді. Адам жанының арпалысын тамыршыдай дәл басып көрсетеді. Олардың әрқайсысына тән қасиеттерін ашып көрсетудегі ізденістерді байқау қиын емес. Оқиғалы штрихтар, бейнелі диалогтар мен толғақты монологтар қаламгер қарымын да, беделін де биіктете түскен.

Алғашқы кітабы жазушылар құрылтайында мақталған Дулат Исабеков творчествосы туралы іле-шала баспасөз беттерінде, әркілы әдеби басқосуларда сыншылар Зейнолла Серікқалиев, Сағат Әшімбаев, белгілі қаламгерлер Шерхан Мұртаза, Асқар Сүлейменов, Өтебай Қанахин, Қалихан Ысқақовтар ой-пікірлерін білдіріп, жемісті табыс тілегені баршаға аян. Қазақ оқырмандары көңілінен шыққан «Шойынқұлақ» Николай Ровенскийдің аударуымен кешікпей «Простор» журналында жарық көрді. Бұл тамаша туынды венгр тіліне аударылғанын да оқырман есіне саламыз.

...Тұңғыш туынды төңірегіндегі зерттеме-баянымызды келте қайырмай, ұлттық көркем ойымыздың сара саңлағы – Дулат Исабеков өнернамасы хақындағы әр буын өкілдерінің жүрек домналарынан сүзіліп шыққан ақжарма лебіздерімен сабақтағанды жөн көрдік. Қара қылды қақ жарған пікірлерге тоқтап, құлақ асу – әдебиет алдындағы асыл парыз. Жазушы Исабеков мақтауға зәру емес. Бұл – имандай шындық. Өйткені, ол өз Олимпіне оқырмандары мен көррермендерінің ыстық ықыласына бөленген ғажайып шығармалары арқылы әлдеқашан көтерілген. Оған мысал іздеп әуре-сарсаңға түсудің қажеті шамалы. Қаламгердің жетпіс жылдық мерейтойында еліміздің жүрегі – Астанадағы Конгресс-Холлда шүпірлеген жұрттың алдында қазақ әдебиетінің бүгінгі корифейі Әбдіжәміл Нұрпейісов шегелеп тұрып айтты. Асқақ Алатаудың аясындағы Алматыдан арнайы ат арытып келген тоқсанды алқымдаған Абыз-ақсақалымыз аузынан естілген «Дулат туралы сөз» Отанымыздың бас газеті «Егемен Қазақстанда» басылды. Ақиқатын айту керек, ардақты Әбекеннің тебіреніске толы толғанысы бір кездегі үлкен үрдістің үзілген үзигіндей әсер еткен. Зәулім сарайдың төрінде мұзбалақ сұңқардай саңқылдаған Әбекеннің жүрек сөзі осыдан жарты ғасырдан астам бұрын ұлы Мұхтар Әуезовтің ҚазМУ-де сөйлеген «Жыл келгендей жаңалық сеземізін» еске түсіргендей.

Сонымен, Әбдіжәміл аға не деп еді, кәнеки, жіті үңіліп көрейікші:

«...Арыстың жалаң аяқ қарасирақтары ішінде кіп-кішкентай Дулат бала да бар еді. Енді ол оқ көрген, өлім көрген жауынгер әке, жауынгер ағалардың құшағында өсті. Есейді. Ер жетті. Сол кезге біз қазір қалай қарасак та, шыны керек, адамдарды, ала-бөле қоғамды, жас ұрпақты есейткен келелі әлеуметтік оқиғаларды бастан кештік. Қазір бірінен кейін бірі мүшелтойларын өткізіп жатқан мына үркердің шоғырындай ғана осы бір аздарымыз, әдебиетке әне бір кезде жылымық деп аталған алпысыншы жылдың бірсыпырасы бас кезінде, бірсыпырасы орта кезінде келіп еді. Бұл ұрпақ өздерімен бірге біздің әдебиетке жана түр, жаңа құнарлы тіл, жаңаша ойлау, элегиялық һәм лирикалық тебірену, толғанудың эстетикалық табиғатына мүлде жаңа серпін әкелді. Сонымен бірге, әдебиетіміздің өсу, өрлеу дәуіріндегі ең бір жауапты жүгін мойнына алған да осы ұрпақ еді. Соның ең бастысы алыптарымыз Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсіреповтердің көтеріп кеткен биігін төмен түсіріп алмай, ұстап тұру болатын. Оны бұлар орындады. Орындап қана қоймай, қайта, бір табан да болса, ілгері бастырып, биіктете түсті. Оған бірден-бір дәлел – бүгінгі юбилярымыз Дулат Исабековтің, әсіресе, Әбіш Кекілбайдың, Төлен Әбдіктің, кешегі Бердібек Соқпақбай, Оралхан Бөкей, Сайын Мұратбектің, бұлармен бірге әдебиетке ілесе келген Тынымбай Нұрмағамбет пен Смағұл Елубайдың шығармалары».

Ағыл-тегіл шарасынан асып-тасып төгілген ұзақ тебіреністің үзігінен талай жайды аңғарамыз. Әр пікірін, әр сөзін елеп-екшеп айтатын сыралғы жампоз өзі мезгеген үркердей шоғырдың ішіндегі ең жасы Дулаттың нық қадамына бөлекше назар аударады: «Дулаттың романын сол кездегі студент жастардың күндіз-түні қолынан түспейтін сүйікті шығармасына айналды. Автор көкірегінде қордаланған сыры мен шынын ақ қағазға түсірерде өзінің мойнындағы халқы алдындағы азаматтық парызды бір сәт есінен шығарған емес. Сонан болар, біз оның қай шығармасының бетін ашсақ та – ол драма ма, ол лирикалық проза ма, әлде сыршыл, мұңшылдыққа бейім эссе ме, соның бәрінің де идеялық арқауында азаматтықтың иығы шығып тұрады. Бұның творчествосындағы жазушылық ұстанымына тән бір ерекшелігін айтпай кетуге болмайды. Ол Дулаттың түптің түбінде кішкентай адамдардың тағдыры жөнінде үлкен бастауды Балзактан алып, оны кейін орыстың ұлы жазушылары Гоголь, Достоевский, Чехов, Горькийлер мейлінше жеріне жеткізіп, жан-жағынан алып, кең қамтып жазып еді. Оны бізде кезінде өзінің әңгімелерімен Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, енді бүгінде Дулат Исабеков әлем әдебиетінде үлкен орын алған осы тақырыпты атақты үш повесі «Дермене», «Сүйекші», «Тіршілікке» бірыңғай арқау қып алып отыр...».

«Тұлпардың тегін тұлпар таниды» деп сыншы Сағат Әшімбаев айтқандай, Дулат Исабековті «ұлттың ұятына», «ұлттың рухына» балаған ақын Есенғали Раушанов жыр дүлдүлі Темірхан Медетбектің Дулат туралы өлең-портретін алабөтен мақтайды. Неге? Не үшін? Ой безбеніне тартыңыз. Бар-жоғы алпыс бес жолдан тұратын туындыны үзіп-жұлмай тұтас ұсынғанды дұрыс көрдім. Жазушы бейнесін ақын-жүрек сиқыр сөзбен қалай қашаған екен?

*Мен сені бәрібір  
Түсінбей қойдым:*

*Бірде*

*Жібектей жұп-жұмсақ,*

*Ал бірде*

*Қылыш жанитын*

*Қайрақ тастайсың;*

*Бірде сен*

*Үздігін үлбіреп,*

*Енді бір кезде*

*Албасты бәлелерді*

*Желкелерінен алып*

*Шайнап тастайсың.*

*Ал бірақ*

*Елім дегенде*

*Мұңлық пен Зарлықтан да  
өткен*

*Зарлысың.*

*Жерім дегенде*

*Жаныңды қиып жіберер*

*Арлысың.*

*Менің білгенім:*

*Бірде сен*

*Көл-көсір сезімсің;*

*Ал бірде*

*Қара тас төзімсің...*

*Тағы да білгенім:*

*Мына тірлікті*

*Жылап тұрып*

*Күлдіре алатын да,*

*Күліп тұрып*

*Жылата алатын да*

*Өзіңсің!*



*Бірден айтайын,  
Сен қазір  
Жұрт үшін  
Бірде леп белгі,  
Ал бірде сұрақсың.  
Бірде тұжыр тұманды,  
Ал бірде ап-айқын  
Жұмбақ Дулатсың.  
Сонымен қымбатсың.*

*Қандай бір кезде де  
Маңғаз басатын*

*Атан секілді  
Аспайсың да саспайсың.  
Асықпай сөйлеп отырып  
Айнала жұртты  
Төгілген күлкінің  
Бірде гүліне,  
Бірде күліне  
Көміп тастайсың.*

*Даңғой мен  
Дарақыларды  
Мөрезді сорақыларды*

*Жайпап жіберер  
Күлкінің сұрапылын-ай.  
Сондай бір кездерде  
Алдаркөсе мен  
Кожанасырлардың,  
Несин мен*

*Оспанхандардың  
Рабле мен Гогольдердің  
Аруақ-елестерінің  
Риза болып  
Қол соғып тұратынын-ай.*

Образға тұнған семсер жыр! Өлеңмен сомдалған суреткер портреті... Парасатты да паң... Айбынды да асқақ... Тұғырлы тұлғаның бар болмыс-бітімі мен жан-дүниесі кесек кескінделген. «Дулаттың күлкісі кісі өлтіреді», «Дулаттың ойы тұңғиық мұхит», «Дулат — елім деп еніреген жазушы». ...Қарапайым халық осылайша бағалайтын қаламгер хақындағы портрет-өлең менің есіме белгілі сыншы, әдебиеттанушы Әмірхан Мендекенің пікірін түсіріп отыр.

«Сыншыларымыз «Әдебиетімізде ұқсас тақырып, ұқсас кейіпкер, ұқсас шешім көбейіп кетті» десіп жүр. Сайып келгенде, мұның жалғыз-ақ себебі бар. Бәленің бәрі — біркелкі ойлаудан. Еркін ойлай алмаудан. Еркін ойлауды игерген суреткерлер қазіргі қазақ әдебиетінде қадау-қадау, үркердей ғана топ. Соның бірі — Дулат Исабеков».

Еркіндіктің астары сан қабат-ау. Оны әркім әрқалай түсінсе керек.

Жоғарыдағы ой ұшқындары әдебиетіміз бен өнерімізде қалыптасқан «Исабеков әлемі» деген тамаша тіркестің аясын одан бетер аша түсері сөзсіз.

\*\*\*

— Дулат Исабеков ең өнікті еңбек етіп келе жатқан қаламгер. Қыруар дүниелер жазғанын білеміз. Қолыма түскен кітаптары, мінеки, сіресіп тұр. — Болат бауырым шағын кітапханасындағы сөрелердегі қаз-қатар кітаптарды ретімен көрсете бастады. — Сенесің бе, мен бұларды екі-үш мәртеден оқыдым. Мықты жазушы. Драмалық шығармалары қаншама десейші?! Пьесалары театрлардан түспейді. Сонда, өзі жұмыс жасай ма? Жазуға уақытты қалай табады? Шахмат пен бильярдқа да қатты құмар көрінеді. Қызмет істесе мұның бәріне қалай үлгереді?..

Осыдан бірер жыл бұрын еңбек демалысында туған жеріме барғанда ауыл мұғалімі, негізгі мамандығы хим-биолог болса да әдебиетті шекілдеуікше шағатын Төлегенов Болаттан естіген сауалым тағы алдымнан шыққандай. Бұ жолы ұлттық телеарна ұйымдастырған жастардың жазушымен жүздесуінде студенттердің бірі Дүкенә осы тақілеттес сұрақ қойғаны бар. Демек, қарапайым оқырман қауымды қаламгердің шығармашылық жолы, өнернамасы қызықтырады. Ендеше, тыңдаңыз.

Өзінің асқаралы жеті асуын өткен ұлу жылы тойлаған жазушы-драматург Дулат Исабеков күні бүгінге дейін қызметтен қол үзген емес. Өзіндік рекорд десе де болады! ҚазМҰУ-дің филология факультетін бітірген 1966 жылы Мемлекеттік телерадио комитетіне аға редактор болып орналасады. Екі жылдай еңбек көрігінде ысылған соң, Қазақ Энциклопедиясы бас редакциясында ғылыми редактор қызметін атқарады. 1970-1980 жылдар аралығында таза әдеби басылымдар «Жұлдыз», «Жалын» журналдарында тер төгеді. Осы он жыл ішінде ол қабырғалы қаламгерлер қатарына қосылады. Қазақ әдебиетінің олжасына айналған бірнеше кітаптарын ұсынады. Онан кейін Мәдениет министрлігінің репертуарлық-редакциялық коллегиясының бас редакторы, Қазақ теледидарының бас директоры, «Жазушы» баспасының директоры тәрізді жауапты басшылық қызметтерінде болады. Қазір «Мәдениет» журналының

бас редакторы.

Ол отызға тарта кітаптың авторы. Оқушы көпшілікке «Бекет», «Ашы бал», «Мазасыз күндер», «Қара шаңырақ», «Тіршілік» т.б. повестер мен әңгімелер жинақтарын, «Қарғын» романын ұсынды. Сондай-ақ, «Екі жиырма» атты таңдамалы хикаяттары жарық көрген. Әр жылдары «Шығармалар жинағының» бес томдығын («Өлке» баспасы, 2003 жыл) және жеті томдығын («Атамұра» баспасы, 2012 жыл) шығарды. «Жеті желкен» таңдаулы пьесалар жинағы бөлек жарық көрген.

Жазушының көптеген туындылары орыс тілінде басылған: «Полынь», «Отчий дом», «Смятение», «Новоселье в старом доме» т.б. Жекелеген шығармалары чех, неміс, поляк, венгр, түрік, корей, болгар, башқұрт тілдерінде тәржімаланған.

Дулат Исабеков – танымал драматург. Оның есімі арысы Еуропаға, берісі Орта Азияға кеңінен мәшһүр. Оның пьесалары еліміздің, Ресейдің театр сахналарында үздіксіз қойылуда. Драмалық дүниелері ұшан-теңіз. Тақырыптары да, проблемалары да алуан-алуан. «Ректордың қабылдау күндері», «Әпке», «Ертеңді күту», «Мұрагерлер», «Алыстан келген ананас», «Кішкентай ауыл», «Анасын аңсаған қыз», «Ескерткіш операциясы», «Ескі үйдегі екі кездесу», «Бонапарттың үйленуі», «Мұңлық-Зарлық», «Амал мен айла», «Актриса», «Жажурек», «Тор», «Құстар фестивалі», «Енді қайттік?» т.б. спектакльдері республикалық, облыстық театрларда, сонымен бірге шет елдердің сахналарына шықты.

Сондай-ақ, жазушының туындылары бойынша «Гауһар тас», «Дермене», «Тауқымет» көркем фильмдері түсірілген.

Жазушы-драматург Д.Исабеков Қазақстан Республикасы Мемлекеттік, Халықаралық ПЕН клубтың және Платиналы «Тарлан» сыйлықтарының лауреаты, жоғары үкімет наградаларымен марапатталған.

...Әлгінде шет жағасын жұқалап сездіргенмін. Есіңізде шығар, менің сүйікті оқырманым. Жазушы жұмысы, жазушы қызметі туралы жауапсыз қалған сауалға ұлы француз ғұлама-ойшылы Жан Жак Руссоның айтқан тамаша сөзін көлденең тартқым келеді. «Қызметтің ішіндегі ең үлкені – жазушы атқаратын ұлы қызмет, өйткені ол барлық ұрпақтардың рухани ұстазы, барлық уақыттардың ақылгөйі». Өте нақты, өте дәл. Құдды біздің геройымыз Дүкене арнап айтылғандай.

Тұңғыш туындысымен-ақ жарқырап оқшау көрінген оның пырағы бауырын жаза түскен. Тынысы да тарылмаған, бәз-баяғы қалпында. Сергек сезімнен туған ғұмырлы шығармалары халқының ақылгөй ұстазына айнала бергей!..

Бұл – баршаның тілегі.

*Жалғасы келесі санда.*

